bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:*
***KZ45VPY00102718***
2019

**БӨЛІМ: МАТЕМАТИКА**

# Квадрат теңдеулерді шешу

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 19.04.2019 | https://bilimger.kz/55991/ |

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:** 8.2А Квадрат теңдеулер **Мектеп-гимназия:** №1
**Күні:** 30.11.18 **Мұғалімнің аты-жөні:** Джумабаева Анар
**Сынып:** 8 **Қатысқандар:** **Қатыспағандар:**

| | |
|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | **Квадрат теңдеулерді шешу** |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 8.2.2.3 квадрат теңдеулерді шешу;<br>8.2.2.4 Виет теоремасын қолдану. |
| **Сабақтың мақсаты** | **Оқушылар:**<br>-квадрат тендеулерге Виет теоремасын, Виет теоремасына кері теореманы қолданады.<br>— «Квадрат теңдеулерді шешу» тақырыбы бойынша алған теориялық білімдерін жинақтап, формулаларды есептер шығаруда пайдалана білу дағдыларын жетілдіреді |
| **Ойлау деңгейлері** | Түсіну, қолдану, талдау |
| **Бағалау критерийі** | — — Виет теоремасын қолданып, берілген түбірлері бойынша квадрат теңдеу құрады, квадрат теңдеудің түбірлерін табады; — Квадрат теңдеуді шешу формуласы бойынша теңдеудің түбірлерін табады. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Оқытудың пәндік және тілдік мақсаттары:** оқушылар $ax^2+вx+c=0$, $ax^2+c=0$, $ax^2+вx=0$, $ax^2=0$, $x^2+px+q=0$ түріндегі теңдеулердің анықтамасын математикалық тілде айтуға жаттығады, дұрыс оқуды үйренеді.<br>**Пәнге тән лексика мен терминология:** Дискриминант,айнымалы, коэффициент, бос мүше, квадрат теңдеу, толымсыз квадрат теңдеу, келтірілген квадрат теңдеу, теңдеуді шешу, теңдеудің түбірі, бос жиын, мәндес теңдеу.<br>**Диалогтер мен жазу үшін қолданылатын тіркестер:**<br>Егер D>0; D<0; D=0 түсініктері арқылы диалог құру;<br>квадрат теңдеудің түрлері: …; $ax^2+вx+c=0$, $a\neq0$ түріндегі теңдеу …. деп аталады; в=0, $ax^2+c=0$ теңдеуінің шешімі …; c=0, $ax^2+вx=0$ теңдеуінің шешімі …; в=0, c=0, $ax^2=0$ теңдеуінің шешімі …, $x^2+px+q=0$ теңдеуінің шешімі…; екі түбірдің қосындысы…; екі түбірдің көбейтіндісі…. |

| | | |
|---|---|---|
| **Құндылықтарға баулу** | **«Мәңгілік ел»** идеясындағы Қазақстанның тәуелсіздігі және Астана және тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы құндылықтарын дарыту тапсырмалар орындау барысында жүзеге асады. | |
| **Пәнаралық байланыс** | Тарих, әдебиет | |
| **Алдыңғы білім** | Квадрат теңдеу, квадрат теңдеу түбірлері, келтірілген квадрат теңдеу, Виет теоремасы. | |
| **Сабақ барысы** | | |
| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |
| **Сабақтың басы**<br>**7 мин** | **1. Ұйымдастыру:** Оқушылармен сәлемдесу, сабаққа дайындығын тексеру.<br>**2. Үй жұмысын тексеру:** *«Попкорн» әдісі* бойынша өтілген тақырыптардан сұрақ-жауап алынады.<br><br>**ҚБ** «жетон» әдісі, сабақта белсенділік танытып, тапсырмаларды дұрыс орындаған оқушыларға сабақ бойы таратылады.<br>**3. «Ширату жаттығуы»:** *«Атом-молекула» әдісі* бойынша 3 топқа бөлу:<br>1. Толымды квадрат теңдеу;<br>2. Толымсыз квадрат теңдеу;<br>3. Келтірілген квадрат теңдеу.<br>**Видеоролик көрсетіліп, сәлемдеме ұсынылады.**<br>**«Сәлемдеме»:** Мұғалім сыныпқа басқа мектептен «сәлемдеме» келгендігін хабарлап, сәлемдемені ашады. «Сәлемдеме» ішінен сабақ барысында қолданылатын тапсырмалар шығады. | Слайд<br><br>Топтың аттары жазылған парақтар<br><br>Видеролик, сәлемдеме |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың ортасы**<br>**25 мин**<br><br>10 мин | **4. «Тарсия» әдісі (жеке-топтық):** Әр топтың оқушыларына жеке-жеке таратылады, бір жағында тапсырма, екінші жағында жауаптарымен сәйкестендіру керек. Жауаптарының ішіндегі теңдеу түбірлерінің екеуі де оң бүтін сандарды таңдап алуға нұсқау беріледі.<br>Жауабы: 01.12.18 (Тұңғыш президент күні)<br>«Тарсия» әдісімен құрастырылған фигураны кері айналдыру ұсынылады, шыққан сурет жайлы оқушылар ойы тыңдалады, интернеттен мәлімет іздену ұсынылады. («Рухани жаңғыру» белгісі).<br>**ҚБ** «басбармақ» әдісі. | «Тарсия» ойыны, сурет |
| 10 мин | **5.»Кубизм»әдісі.** Кубта алты түрлі Қазақстанның киелі жерлерінің суреті болады, кубты лақтыру арқылы таңдау жасалынады және сол таңдалған суреттің артындағы тапсырмасын орындау ұсынылады. Тапсырма дұрыс орындалса, сол жер жайлы мәлімет беріліп, суреті картаға жапсырылады.Тапсырманы топпен орындап, тақтаға жазылады. Топтар бір-бірін бағалайды.<br>«Қожа Ахмет Яссауи» кесенесі:<br>» Қабанбай батыр» кесенесі:<br><br>«Шірік-Рабат»:<br><br>«Қозы Көрпеш пен Баян Сұлу» мазары:<br><br>«Отпан тау» кешені:<br><br>«Қорқыт Ата» :<br><br>**ҚБ** «басбармақ» әдісі. | Суреттер мен тапсырмалар жасырылған куб<br><br><br>Слайд |
| 5 мин | **6. «Сандар сыр шертеді» әдісі.**<br>Виет теоремасын қолданып, картада берілген сандар түбірлері болатындай квадрат теңдеу құрыңдар.<br><br>**Дескриптор**<br>— сандарды анықтайды;<br>— осы сандарға Виет теоремасына кері теореманы қолданып, теңдеу құрады.<br>**ҚБ «**басбармақ» әдісі<br>**Кері байланыс**.<br>Қандай сандарды таңдадыңдар?<br>Неліктен?<br>Тапсырманы орындауда қандай қиындықтар туды? | |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың соңы 8 мин** | **«Ойлан шеш» (жеке жұмыс).**<br>Жасыл, қызыл және сары түсті шарлардан тізбе жасалған. Ондағы сары түсті емес шарлар саны 23. Қызыл түсті емес шарлар саны 20. Жасыл түсті емес шарлар саны 15. Тізбеде барлығы неше шар бар? Жасыл түсті шар нешеу? Сары түсті шар нешеу?<br>Шешуі: Сары түсті емес шарлар – 23, қызыл түсті емес шарлар – 20, жасыл түсті емес шарлар – 15.<br>1)23 + 20 + 15 = 58;<br>2)58 : 2 = 29;<br>3)29 – 15 = 14;<br>4)29 – 23 = 6.<br>Жауабы: барлығы 29, жасыл түсті 14, сары түсті 6 шар.<br>Есепті тиімді әдіспен шығарған оқушының жұмысы марапатталады, тақтаға жазады.<br>**Кері байланыс.** Оқушыларға «алма» формалы стикерлер таратылады және мұғалім сабақ бойы жинаған сурет-жетондарына мән беріп қарау ұсынылады.<br>Бүгінгі сабақ жайлы ойлары жазылып, қорапшаға салынады.<br><br>Үйге тапсырма №<br>Сабақты қорытындылау . | Слайд, смайликтер |

| | | |
|---|---|---|
| ***Саралау- Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?*** | ***Бағалау- Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?*** | ***Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталу*** |
| 1.Үй тапсырмасын «Попкорн» әдісімен тексерілді.<br>2.Топты саралап бөлу үшін «Атом-молекула»әдісі пайдаланылды.<br>3.Топтық жұмысқа «Тарсия» әдісі алынды, бұл арқылы оқушылар есепті топта талқылау арқылы ақылдаса орындайды.<br>4. «Кубизм» әдісі жеке орындау үшін<br>5. «Сандар сыр шертеді» жұптық жұмыс | ***ҚБ: «Жетон» әдісі***<br><br>***ҚБ: «Басбармақ» әдісі***<br><br>***ҚБ: «Басбармақ» әдісі***<br><br>***ҚБ: «Басбармақ» әдісі*** | *Денсаулық сақтау технологиялары: сабақтың басында оқушыларға «түзу, тік және әдемі отырамыз» деп айту арқылы үйрету,тапсырмалардың жас ерекшеліктеріне сай берілуі.*<br>*Осы сабақта қолданылатын қауіпсіздік техникасы ережесінің тармақтары: топтық жұмыста тәртіпті, қауіпсіздікті сақтау.* |

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.